

## **Ата-аналар мен тәрбиешілерге арналған жадынама**

### **Тақырыбы: «Буллинг түрлері»**

Буллинг – бұл бір баланың немесе топтың басқа балаға әдейі, қайталанып зиян келтіруі, қорқытуы немесе кемсітуі. Ол баланың психологиялық және эмоциялық жағдайына кері әсер етеді.

 Булингтің негізгі түрлері:

- Физикалық булинг  
Ұру, итеру, заттарын тартып алу, денесіне зиян келтіру
- Вербалды (ауызша) булинг  
Мазақтау, қорлау, лақап ат қою, балағат сөздер айту
- Әлеуметтік булинг (оқшаулау)  
Топтан шығару, әдейі араластырмау, достарынан ажырату
- Кибербулинг  
Әлеуметтік желілерде қорлау, жалған ақпарат тарату, қорқыту хабарламалары

 Булинг белгілері:

- Бала балабақшаға барғысы келмейді
- Көңіл-күйі түсіңкі, тұйық бола бастайды
- Достарымен қарым-қатынасы нашарлайды
- Ұйқысы мен тәбеті бұзылады

 Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңестер:

- Баламен жиі сөйлесіп, оның жағдайын біліп отырыңыз
- Сенімді және қауіпсіз орта қалыптастырыңыз
- Баланы өзін қорғауға және көмек сұрауға үйретіңіз
- Булинг жағдайында бейжай қалмаңыз
- Балабақша және мамандармен бірлесе әрекет етіңіз

 Маңызды:

- Булинг – жай әзіл емес, бұл күрделі мәселе
- Әр бала құрмет пен қауіпсіздікке лайық
- Ерте анықтау – мәселені шешудің басты жолы

Педагог-психолог: Кожамсеитова Алия Рахимғалиевна